

V МОДУЛЬ

ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

2-сабақ Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылатын ресми құжат. Өмірбаян азат жолдан «Мен» – деп басталып, бірінші жақта, жекеше түрде баяндалады.

Құрылымы:

1. Құжаттың атауы.
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған күні, аяы, жылы, туған жері.
3. Ұлты. Азаматтығы.
4. Білімі, оқыған оқу орындары.
5. Жетістіктері.
6. Отбасы (ата-анасы, жұбайы, балалары).
7. Қосымша мәліметтер (тіл білуі, қызығушылығы) т.б.
8. Қазіргі жұмысы, мекенжайы туралы мәлімет.
9. Құжаттың жазылған күні, аяы, жылы.
10. Қолы.



1. Оқыңыз. Өмірбаянның құрылымымен салыстырыңыз.

Өмірбаян

Мен, Еренбаева Әугерім Есенғалиқызы 1960 жылы 11 қарашада Павлодар қаласында туғым. Ұлым – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1967 жылы Павлодар облысы, Павлодар ауданының Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебіне 1-сыныпқа бардым. Мектепті үздік бітіріп, 1981-1986 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша білім алдым. Мамандығым бойынша еңбек жолымды 1986-1987 жылдары Қаскелең қаласындағы ІІБ инспекторы болып бастадым. 1987-1992 жылдары Жамбыл аудандық ІІБ тергеушісі, 1992-1995 жылдары Жамбыл аудандық сотының судьясы, 1995-2003 жылдары Жамбыл аудандық сотының төрағасы болдым. 2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы № 210 Жарлығымен Алматы қалалық сотына судья болып тағайындалдым.

Тұрмыстамын. Жұбайым және екі қызым бар. Күйеуім – Еренбаев Есенғали Қасымұлы, 1956 жылы туған, Павлодар облысының Мемлекеттік кірістер департаментінде қызмет етеді.

Үлкен қызым – Рауһан, 1985 жылы туған, тұрмыста.

Кіші қызым – Айсұл, 1988 жылы туған, Павлодар мемлекеттік университетінде «Мемлекеттік тілде ісқағаздарын жүргізу» пәнінің оқытушысы. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жақсы білемін. Бос уақытымда әдеби кітаптар оқығанды ұнатамын. Компьютердің бірнеше бағдарламасын меңгердім. Қазіргі мекенжайым Алматы қаласы, Абау көшесі, 70-үй.



2. Үлгінің көмегімен өткен шақ формасында жазыңыз.

Ту қы м

бітір м

Дүниеге кел м

аяқта м

Қабылдан м

баста м

Бар м

бол м

Оқуға түс м

тағауында м

Білім ал м

қызмет ет м

-ты, -ті

-қы, -қі



3. Мәтін мазмұны бойынша бос орындарды толтырыңыз.

Оның аты-жөні _____.

Ол _____ жылы _____ қарашада _____ қаласында туған.

Ұлты - _____.

Ол _____ азаматы.

Оның білімі _____, _____ университетін _____ мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын _____ болып бастаған.

1987-1992 жылдары Жамбыл аудандық ІІБ _____,

1992-1995 жылдары Жамбыл аудандық сотының _____,

1995-2003 жылдары Жамбыл аудандық сотының _____ болды.



4. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Павлодар қаласында

1-сыныпқа

еңбек жолымды

заңгер мамандығы бойынша

Жамбыл аудандық сотының

Павлодар мемлекеттік университетінде

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін

инспекторы болып бастадым.

жақсы білемін.

тудым.

оқытушы

бардым.

төрағасы болдым.

білім алдым.



5. Сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендіріңіз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
2. Сіз қай жерде және қашан құниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай?
4. Сіздің біліміңіз қандай?
5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз?
6. Мамандығыңыз кім?
7. Қайда жұмыс істедіңіз?
8. Қазір қайда жұмыс істейсіз?
9. Сіз қандай компьютерлік бағдарламаларды білесіз?
10. Қандай тілдерді білесіз?

- 3 ☒ Үйленгенмін. Бір ұл, бір қызым бар.
- ☐ Жоғары.
- ☐ Қалиев Әсет Уәлиұлы.
- ☐ MS Office, Excel бағдарламаларында жұмыс істеймін.
- ☐ 1985 жылы 23 қаңтарда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туғым.
- ☐ Орталық полиция бөлімінде тергеушісі болып жұмыс істеймін.
- ☐ Мамандығым - заңгер.
- ☐ Қазақ, орыс тілдерінде еркін, ағылшын тілі сөздікпен.
- ☐ Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ «Заңтану» факультетінде оқыдым.
- ☐ Оңтүстік-Шығыс аудандық полиция бөлімінде инспектор болып жұмыс істедім.



6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
2. Сіз қай жерде және қашан құниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай?
4. Сіздің біліміңіз қандай?
5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз?
6. Сіздің мамандығыңыз қандай?
7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз?
8. Қазір қайда жұмыс істейсіз?

1. Менің аты-жөнім _____.
2. Мен _____ туғым.
3. Мен _____.
4. Менің білімім _____.
5. Мен _____ университетін бітірдім.
6. Менің мамандығым _____.
7. Мен _____ жылдары _____ жұмыс істедім.
8. Қазір _____ болып жұмыс істеймін.



7. Берілген сөз орамдарымен сұқбаттасыңыз.

Сіз қайда
құниеге келдіңіз?

Мекенжайыңыз
қалай?

Мамандығыңыз
кім?

Жасыңыз нешеде?

Еңбек өтіліңіз
неше жыл?

Ұлтыңыз кім?

Отбасыңыз бар ма?

Қайда оқыдыңыз?

Біліміңіз қандай?



7. Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

Өмірбаян

_____, Құрманбаев Ерлан Әділжанұлы 1990 жылы шілде айының 27 күні Қарағанды қаласында _____ . 1996 жылы №56 жалпы білім беретін мектебінің 1-сыныбына _____ , 2007 жылы аталған мектепті _____ . 2007-2011 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік заң академиясында «заңтану» мамандығы бойынша _____ . Еңбек жолымды 2011 жылы Астана қаласының прокуратурасында _____ . Қазір Қарағанды облысы бойынша Полиция департаментінде тергеушісі болып _____ .

Отбасымда әкем – Құрманғазиев Әділжан Нұрымұлы 1960 жылы Шет ауданының Бостандық ауылында _____ . Қазіргі кезде зейнеткер.

Анам – Нықбаева Күмісханым Қазенқызы 1961 жылы Қарқаралы ауданының Жамбыл ауылында дүниеге келген. Қазіргі кезде жұмыссыз.

Апам – Құрманғазиева Гаухар Әділжанқызы 1988 жылы Қарағанды қаласында туған. Қазіргі кезде Балқаш қаласындағы №36 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі.

Мен және жеке отбасым әкімшілік және қылмыстық жауапқа тартылған жоқ.

дүниеге келген

қызмет етемін

дүниеге келдім

бастадым

қабылданып

аяқтадым

оқыдым

мен



8. Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақ қойыңыз.

Оның аты-жөні _____ ?

Ол _____ қаладан келген?

Ол _____ қалада туған?

Ол _____ оқыды?

Оның мамандығы _____ ?

қайда?

қай?

кім?

қашан?



9. Қажетті сөздерді қойыңыз.

Мен Қарағанды қаласында

1996 жылы №2 орта мектепке

Орта мектепті 2005 жылы

2005 жылы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге

Университетті 2009 жылы

2010 жылы Қазыбек би аудандық сотына

дүниеге келдім

жұмысқа кірдім

оқыдым

аяқтадым

түстім

оқыдым